

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 208 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің қарамағындағы мемлекеттік мекемелер қайта ұйымдастырылсын.

2. Осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ведомстволарының қарамағындағы мемлекеттік мекемелер қайта аталсын.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 22, 205-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ережеде:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің миссиясы:

бюджеттік жоспарлау, бюджетті атқару, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті, республикалық бюджеттің және өз құзыреті шегінде жергілікті бюджеттердің, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының атқарылуы бойынша бюджеттік есеп пен бюджеттік есептілікті жүргізу саласында, мемлекеттік сатып алу саласында, республикалық мүлікті басқару аясында басшылық ету және салааралық үйлестіру, оңалту және банкроттық (банктерді, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын және жинақтаушы зейнетақы қорларын қоспағанда), қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау, уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу саласында, сондай-ақ салық саясатын және кеден ісі саласындағы саясатты қалыптастыру мен іске асыруға қатысу, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте экономикалық және қаржылық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша мемлекеттік реттеу.";

16-тармақта:

орталық аппараттың функцияларында:

62) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62) мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушылар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбелерін айқындау;"

мынадай мазмұндағы 358), 359), 360), 361), 362), 363) және 364) тармақтармен толықтырылсын:

"358) біртекті түрлері және беру (орындау, көрсету) орны бойынша лоттарға бөлу талап етілмейтін тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту ;

359) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру тәсілін уәкілетті орган айқындайтын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

360) мемлекеттік сатып алу кезінде әлеуетті өнім берушілерге және өнім берушілерге қосымша талаптар қойылуы мүмкін жекелеген тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін әзірлеу және бекіту;

361) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өткізілетін сатып алуға қол жеткізудің бірыңғай нүктесін қалыптастыру мақсатында мемлекеттік сатып алу ақпараттық жүйесінің "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесімен интеграциясын қамтамасыз ету;

362) мемлекеттік сатып алу мәселелері бойынша, оның ішінде тиісті саланың уәкілетті органдарымен келісу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу және бекіту;

363) екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту;

364) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту."

ведомствоның функцияларында:

204), 205) және 206) тармақшалар мынадай редакциясында жазылсын:

"204) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша жалпы республикалық, өңірлік жедел-ізвестіру және профилактикалық іс-шараларды үйлестіруді жүзеге асыру және жүргізу, қолда бар күш пен құралдарды пайдалану жөнінде оңтайлы шешімдер әзірлеу, аумақтық қаржы мониторингі органдарына практикалық және әдістемелік көмек көрсету, оң жұмыс тәжірибесін жинақтау мен тарату;

205) жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру, анықтау және алдын ала тергеу, қаржы мониторингі органдарының жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметі мен анықтау

практикасына талдау жасау, республикадағы жедел жағдайға болжам жасау, қаржы мониторингі органдарының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қабылдау;

206) Қазақстан Республикасының заңнамасымен органдардың қарамағына жатқызылған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды, соттың қаулысы бойынша мемлекет мүддесіне орай қойылған талап арыздар бойынша жауапкерлердің жүрген жері белгісіз болған кезде оларды іздестіруді жүзеге асыру;"

491) тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"491) уәкілетті орган айқындайтын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесі бойынша орталықтандырылған мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;"

мынадай мазмұндағы 498-1) тармақпен толықтырылсын:

"498-1) ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қозғау және қарау және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде белгіленген тәртіппен әкімшілік жазаларды қолдану;"

17-тармақта:

29) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"29) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйені құру және пайдалану, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша алдын ала тергеу, анықтау, өндіріс барысында зерттеулер ұйымдастыру;"

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы аумақтық органдардың тізбесінде:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің аумақтық органдары – республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"68. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Алтай қалалық қазынашылық басқармасы.";

95-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"95. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша қазынашылық департаментінің Бәйтерек ауданы қазынашылық басқармасы.";

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі" деген 1-бөлімде:

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Ақтөбе қаласының Астана ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.";

мынадай мазмұндағы 22-1-тармақпен толықтырылсын:

"22-1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Ақтөбе қаласының Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.";

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"71. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Бәйтерек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.";

93 және 154-тармақтар алып тасталсын;

207-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"207. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Алтай ауданы – Алтай қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы.";

"Мамандандырылған мемлекеттік мекемелердің тізбесі" деген 2-бөлімде:

1-тармақ алып тасталсын;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерден кезең-кезеңімен өту жолымен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 3-тармақтың оң жетінші, жиырма бесінші және жиырма алтыншы абзацтарын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 18 сәуірдегі

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің
қарамағындағы қайта ұйымдастырылатын республикалық мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Ақтөбе қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесін "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті Астана ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне бөлу жолымен.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Қазыбек би атындағы аудан бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі оған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Қарағанды облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Қарағанды қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен.

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің "Оңтүстік" мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі оған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Шымкент қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесін қосу жолымен.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 18 сәуірдегі
№ 208 қаулысына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің
қарамағындағы қайта аталатын республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті бойынша:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің " Кинологиялық орталығы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің "Кинологиялық орталық" – республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті бойынша:

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Зеленов ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Бәйтерек ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Зыряновск ауданы – Зыряновск қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Алтай ауданы – Алтай қаласы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті бойынша :

1) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Зеленов аудандық Қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Батыс Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Бәйтерек ауданы бойынша Қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі;

2) "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Зыряновск ауданы – Зыряновск қаласы бойынша Қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қазынашылық департаментінің Алтай ауданы – Алтай қаласы бойынша Қазынашылық басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің республикалық мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақмола облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

8. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қостанай облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

9. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

10. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

11. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Түркістан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

12. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Шымкент қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

13. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Павлодар облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

14. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

15. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

16. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

17. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің мамандандырылған мемлекеттік мекемелерінің тізбесі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің
Кинологиялық орталығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК